Хабарландыру

Маңғыстау облысының білім басқармасының «Түпқараған ауданы бойынша білім бөлімі» ММ-і Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 27 тамыздағы №381 «**Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге, балаларға қосымша білім беруге және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын бекіту туралы**» (одан әрі - бұйрық) бұйрығына сәйкес, балаларға қосымша білім беруге арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін 223 орынға конкурс жариялайды.

Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысы қосымша білім берудің мынадай білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады: - ғылыми-техникалық бағыт (бастапқы техникалық модельдеу; авиамодельдеу; автомодельдеу; судомодельдеу; ракетомодельдеу; робототехника; космонавтика; 3Д-модельдеу; компьютерлік графика; машина жасау; ғарыштық радиобайланыс; радиотехника; мотоцикл спорты; картинг; модельдеу; ату спорты; инженерлік жобалау негіздері; робототехникалық және мехатрондық жүйелердің инженерлік жобалау негіздері; өнертапқыштық және рационализаторлық; радиоспорт; радиоэлектроника; құрастыру; бағдарламалау; компьютерлік дизайн; кинобейне жасау; желкенді іс; электротехника; химиялық-техникалық бағдарламалау; лего-құрастыру; спорттық радиомоделизм; авто ісі негіздері; сәулеттік модельдеу; сәулет құрылыстарының технологиясы; телестудия; техникалық бағдарламалау; әскери техниканы модельдеу; стендтік моделизм; шағын көлемді су көлігін модельдеу; аэроғарыштық білім беру және модельдеу; ғарыштық ғылым; рендеринг – физикалық модель проекциясын құру; ұшу-парашюттік дайындық; квадроциклдер; қарда жүргіштер; ағаш ұстасы; автослесарь; багги; физика және робототехника; робототехника: құрастыру және бағдарламалау; ұлттық қолөнер; жас құтқарушы; STEAM-зертхана (СТЭМ-зертхана); ерекше қажеттілігі бар балаларға арналған құрастыру; киберспорт ұшқышсыз ұшу аппараттары) бойынша – 106 орын; - туризм және өлкетану бағыты (тау туризмі; су туризмі; жорық; жартасқа өрмелеу; бағдарлау; үңгір туризмі; велоспорт туризмі; шаңғы туризмі; сауықтыру туризмі; экологиялық туризм; өлкетану; туристік лагерьлер; этнографиялық, ауылдық туризм; ғылыми туризм; тур гидтер, географиялық өлкетану, тарихи өлкетану, экологиялық өлкетану, мұражайтану, ат туризмі, жас тау құтқарушы, жол іздеуші-құтқарушы, археология) бойынша – 26 орын; - экологиялық-биологиялық бағыт (экология; орнитология; балық аулау; гүл өсіру; флористика; зоология (флора, түр құрамы, рациондар); жануарларды зерттеу; энтомология; өсімдік шаруашылығы; бау-бақша шаруашылығы; мал шаруашылығы; аквапоника; көкөніс шаруашылығы; қоян шаруашылығы; иппотерапия; ветеринария медицина; геология; ландшафттану; қоршаған ортаны зерттеуші; өндірістік

экология; STEM зертханасы (зерттеу биологиясы, химия); гидропоника; экожурналистика; фитопатология бойынша – 27 орын; - әлеуметтік-педагогикалық бағыт (журналистика, медиа орталықтар; пікірсайыс қозғалысы; еріктілер қозғалысы; кәсіпкерлік негіздері; шешендік өнер; интеллектуалды ойындар клубы) бойынша – 64 орын;

Бұйрықтың 66 тармағы бойынша балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру үшін ұйымдарды іріктеу келесідегідей құжаттарды ұсынған кезде жүзеге асырылады:

1) өтініш;

2) Ұйым Жарғысының (ереженің, құрылтай шартының) болуы;

3) Ұйым пайдаланатын жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттардың немесе жалдау шартының болуы;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес балаларға арналған қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларының болуы.

5) педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар педагогтердің болуы;

6) олардың жалпы саны педагог қызметкерлердің жалпы санының кемінде

10 пайызын құрайтын жоғары және бірінші санатты педагогтердің, сарапшылардың, ғылыми қызметкерлердің, магистрлердің болуы;

7) Ұйымның (жарғыға сәйкес, құрылтай құжаттарымен, шарттармен) жұмыс тәжірибесінің болуы (болған жағдайда) немесе Ұйымның жұмыс тәжірибесінің жоқтығы туралы хат;

8) балаларға қосымша білім беру бойынша іске асырылатын білім беру бағдарламаларын көрсете отырып, ҰБДҚ ақпараттық жүйесінде тіркелу;

9) Рұқсаттар және хабарламалар туралы Заңға сай эпидемиялық маңызы аз нысанның қызметінің (пайдалануының) басталғаны және тоқтатылғаны туралы хабарландыру;

10) Заңды тұлғаны немесе жеке кәсіпкерді, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтарды (сақтандыруларды) және оның техникалық сипаттамаларын мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу);

11) санитарлық-эпидемиологиялық жағдайдың "Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтерді көрсетудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-336/2020 бұйрығына сәйкес (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 желтоқсанда № 22004 болып тіркелген) (бұдан әрі – санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік қызметтер туралы бұйрық) қосымша білім беру ұйымдарында күндізгі болу ұзақтығы төрт сағат және одан да көп болғанда балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру;

12) мемлекеттік кірістер органдарында есепке алу жүргізілетін Конкурсқа қатысуға құжаттар ұсынылғанға дейін кемінде бір ай бұрын берешектің жоқ (болуы) туралы мәліметтер.

67. Балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға үміткер ұйымдар келесі құжаттарды ұсынады:

1) осы Ережелерге 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) Ұйым жарғысының (ережесінің, құрылтай шартының) көшірмесі;

3) Ұйым пайдаланатын жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттардың көшірмесі немесе ғимаратты жалдау шартының көшірмесі;

4) балаларға арналған қосымша білім берудің білім беру бағдарламаларының көшірмелері;

5) педагогикалық немесе арнаулы білімі бар педагогтердің белгіленген үлгідегі білімі туралы құжаттарының көшірмелері;

6) педагогтердің біліктілік деңгейі туралы құжаттардың көшірмелері бар штат кестесінің көшірмесі;

7) Ұйымның жұмыс өтілін растайтын құжаттардың көшірмелері (болған жағдайда) (жарғыға сәйкес, құрылтай құжаттарымен, шарттармен) немесе Ұйымның жұмыс тәжірибесінің жоқтығы туралы хат.